

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№248**

**2018 жылғы 22 ақпан**

**«Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған бала-бақшаны орналастыру үшін, Ақтөбе қаласының Батыс-2 тұрғын үй алабындағы 9/2 үйдегі мектепке дейінгі білім беру мекемесін коммуналдық меншікке беру және техникалық қызмет көрсету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 тіркелген, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 175 «Жергілікті атқарушы органдардың 2017-2019 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15170 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясының 2018 жылғы 22 қаңтардағы отырысының №1 хаттамасының негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес, «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған бала-бақшаны орналастыру үшін, Ақтөбе қаласының Батыс-2 тұрғын үй алабындағы 9/2 үйдегі мектепке дейінгі білім беру мекемесін коммуналдық меншікке беру және техникалық қызмет көрсету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2018-2020 жылдарға мемлекеттік міндеттеме қабылдансын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

С. АЙТБАЕВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

2018 жылғы 22 ақпандағы №248  
облыстық мәслихаттың шешіміне  
қосымша

**«Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған бала-бақшаны орналастыру үшін, Ақтөбе қаласының Батыс-2 тұрғын үй алабындағы 9/2 үйдегі мектепке дейінгі білім беру мекемесін коммуналдық меншікке беру және техникалық қызмет көрсету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша  
2018-2020 жылдарға мемлекеттік міндеттеме**

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)	соның ішінде жылдарға		
Функционалдың кіші топ						2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі								
Бағдарлама								
Атауы								
1	2	3	4	5	6	7	8	9
<b>04</b>				<b>Білім беру</b>	<b>918 000</b>	<b>306 000</b>	<b>306 000</b>	<b>306 000</b>
		261		Облыстың білім басқармасы	918 000	306 000	306 000	306 000
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	918 000	306 000	306 000	306 000
				соның ішінде:				
				«Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған бала-бақшаны орналастыру үшін, Ақтөбе қаласының Батыс-2 тұрғын үй алабындағы 9/2 үйдегі мектепке дейінгі білім беру мекемесін коммуналдық меншікке беру және техникалық қызмет көрсету»	918 000	306 000	306 000	306 000